

Исатай ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 ақпандағы № 74-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 ақпанда № 5140-06 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3 бабының 5-тармағына сәйкес, Исатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Исатай ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем кезінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Мәслихат төрағасы

А. Рахметов